

Магистранттарды зерттеу практикасы және ғылыми тағылымдамадан өткізуге арналған КЕЛІСІМ-ШАРТ

« 02 » 09 2024 ж.

«Шымкент университеті» ректоры п.ғ.д, профессор Сейткулов Нурлыбек Ақынулы тұлғасында, (бұдан әрі ШУ) және бір тарапынан Орталық Азия инновациялық университеті ректоры Ажиidinov Ақмалдин Сапардинович тұлғасы (бұдан әрі – Жоғары оқу орны) атынан бірлесе Тараптар деп аталатын жоғары оқу орындары: білім және ғылым саласындағы Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарын іске асыру және болашақ мамандарды даярлауды жетілдіру мақсатымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде өзара ғылыми-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, эксперименттік база құру және зерттеу практикасынан және ғылыми тағылымдамадан өткізу үшін осы келісім шартты жасады.

1. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Ғылыми-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік, эксперименттік база - магистранттарды 7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01711- Шет тілі: екі шет тілі, 7M01101-Педагогика және психология, 7M01501-Математика, 7M01507-Информатика, 7M01502-Биология, 7M01505-Химия бағытындағы педагогтерін даярлау, теория мен практиканы зерттеудегі және ғылыми ұсынымдарды практикалық тұрғыдан жүзеге асыратын, әрі зерттеу практикасынан және ғылыми тағылымдамадан өтетін орын.

1.2. Екі жақтың 7M01701- Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M01711- Шет тілі: екі шет тілі, 7M01101-Педагогика және психология, 7M01501-Математика, 7M01507-Информатика, 7M01502-Биология, 7M01505-Химия бағытындағы педагогтерін даярлау, магистранттарды және 2 Тараптың білім алушыларын зерттеу практикасынан және ғылыми тағылымдамадан өткізудегі мақсат: ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, болашақ педагогтардың ғылыми әлеуетін жетілдірудің тиімді жүйесін құру.

1.3. Тараптар магистранттардың зерттеу практикасын және ғылыми тағылымдамасын ұйымдастыруды және жүзеге асыруды өз міндетіне алады.

1.4. Осы келісім шартта екі жақ өзара қарым-қатынасында ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы» Заңдарын, «Еңбек кодексін» және өзге де ҚР нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

1.5. Келісім-шарт жасаудың мақсаты - жоғары оқу орындарының магистранттарын (2 Тараптың) бірлесе отырып, нарық заманында бәсекелестікке төтеп бере алатын, жаңа инновациялық білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, ғылыми әлеуеті жоғары педагогтарды даярлау.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:

Осы Келісім-шартты атқару мақсатында Тараптар:

2.1. Магистранттардың зерттеу практикадан және ғылыми тағылымдамадан өту кезеңіндегі іс-әрекетінің негізгі бағыттары, келесі Тарапқа баратын білім алушылардың саны жөнінде алдын ала келіседі.

2.1.2. Зерттеу практикасы және ғылыми тағылымдама басталуынан екі апта бұрын оқу үдерісіне (академиялық күнтізбеге) сәйкес магистранттардың санын, мерзімін көрсетіп, сонымен қатар келесі Тараптың сұранысы бойынша қосымша ақпараттарды ұсынады.

2.1.3. Тараптардың тиісті құрылымдық бөлім басшылары зерттеу практика мен ғылыми тағылымдама барысында келесі Тарапқа қажеттілік жағдайда іс-сапарға барады және магистранттардың орындаған тапсырмаларын есепке алады.

2.1.4. Зерттеу практикасы және ғылыми тағылымдаманың мақсатына сәйкес магистранттарды қажетті ғылыми-әдіснамалық әдебиеттермен және материалдармен қамтамасыз етеді.

2.1.5. Зерттеу практикасы мен ғылыми тағылымдама жетекшілері құрылымдық бөлім басшыларымен бірге практика/тағылымдама басталудан кем дегенде 10 күн бұрын келесі Тарапқа жолданып отырған магистранттардың алдын ала ғылыми-әдіснамалық даярлығын, зерттеу жүргізу әдістемесін үйренуді және келесі Тараптың басқа да этикалық нормаларын сақтауды қамтамасыз етеді.

2.1.6. Тараптар (өздерінің) магистранттарды өздерінің қойған талаптарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті күнделікпен және құжаттармен қамтамасыз етеді, зерттеу практикасы мен ғылыми тағылымдама бағдарламасы бойынша тапсырмаларын береді және оларға бақылау жүргізеді.

2.1.7. Зерттеу практикасы мен ғылыми тағылымдаманы ұйымдастырудың нәтижесінде Тараптар бірлесе отырып, өздерінің талаптарына сай ортақ қорытынды бақылауды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

2.1.8. Профессор-оқытушылар құрамы өздерінің қарамағына жіберілген зерттеу практикасынан және ғылыми тағылымдамадан өтетін магистранттарға бағдарлама талаптарына сәйкес кеңес береді және жетекшілік етеді.

2.1.9. Тараптардың тиісті құрылымдық басшылары бірлесе отырып ғылыми-зерттеу базасында магистранттарға қосымша ғылыми ізденіс жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

2.2.1. Тараптар зерттеу практикасы мен ғылыми тағылымдама бағдарламалары және өз кезегінде база ретінде магистранттардың ғылыми-зерттеу жүргізу мерзімі жөнінде келісім жасайды.

2.2.2. Тараптар келісілген мерзім ішінде және жіберілген магистранттарды (жолданған санын) зерттеу практикасы мен ғылыми тағылымдамадан өтуге қабылдайды.

2.2.3. База басшыларының тарапынан зерттеу практикасы мен ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыру және өткізуге жауапты тұлғаны тағайындайды.

- 2.2.4. Тараптар өз кезегінде база ретінде зерттеу практикасы мен ғылыми тағылымдама бағдарламасының әрбір бағыты бойынша магистранттардың (2 Тараптың) практикадан/тағылымдамадан өтуіне жағдай жасайды.
- 2.2.5. Тараптардың материалдық-техникалық базасын қолдану арқылы магистранттардың ғылыми-зерттеулерін ұйымдастыру үшін құралдармен, арнайы жабдықтарды қолдануды, бағдарламаны орындауға қажетті ғылыми-әдіснамалық әдебиеттермен және материалдармен қамтамасыз етеді.
- 2.2.6. Магистранттарды тек зерттеу практикасы мен ғылыми тағылымдама бағдарламасы аясында ғана зерттеу жұмысына қамтиды.
- 2.2.7. База (1 Тарап пен 2 Тарап) тарапынан тағайындалған жетекшілер магистранттың жетекшілерімен бірге жүйелі түрде және дер кезінде білім алушылардың зерттеу практикасы мен ғылыми тағылымдама күнделігіне бағдарлама бойынша берілген тапсырмалардың орындалуы туралы жазбаларды ендіреді, магистранттардың ғылыми- зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруын бақылайды, есепке алады.
- 2.2.8. Магистранттардың ғылыми-зерттеу базасындағы ішкі еңбек тәртібін орындауын қадағалайды, оларды топтарға бөлуді жүзеге асырады.
- 2.2.9. Зерттеу практикасы мен ғылыми тағылымдама бағдарламасына сәйкес магистранттардың зерттеу жұмысына қатысуы туралы университетке мәлімет береді.
- 2.2.10.Зерттеу практикасы мен ғылыми тағылымдама соңында әрбір магистранттың жасаған жұмысы туралы мінездеме береді және оның дайындаған есебінің сапасына сәйкес өзіндік баға береді.

3. ЕКІ ЖАҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1 Қабылдаушы жақтың міндеттері:

- 1) Білім алушыны практика/ ғылыми тағылымдамадан өтуге қабылдауға;
- 2) Білім алушыны қабылдаушы ЖОО жарғысымен, білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиямен, Ішкі тәртіп қағидаларымен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ оқу- тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі негізгі құжаттармен таныстыруға;
- 3) Білім алушының қабылдаушы ЖОО-да болу кезеңіне ғылыми тағылымдаманың басшысын тағайындауға;
- 4) Университет кітапханаларының ақпараттық ресурстарына, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендерге және оқу-әдістемелік құралдарға еркін қолжетімділікті және пайдалануды қамтамасыз етуге;

3.2 Қабылдаушы жақтың құқықтары:

- 1) Білім алушыларға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқаулықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;
- 2) Білім алушылардың тиісті мамандықтар бойынша кәсіптік практикадан өтуге жағдай жасауға;
- 3) Білім алушылардың еңбек тәртібін және мекеменің ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымына хабардар беру;
- 4) Практика/тағылымдама базасы атынан білікті мамандар арасынан практика және ғылыми тағылымдама жетекшісін тағайындау;
- 5) Тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде иеленген мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін оқыған түлектің кандидатурасын қарастыру;
- 6) Практика/ ғылыми тағылымдаманың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының білім беру бағдарламасына қатысы жоқ лауазымдарға білім алушыны пайдалануға жол бермеу;

3.3 Жіберуші ЖОО жақ міндеттері:

- 1) Білім беру ұйымның тиісті білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылар арасынан практика жетекшілерін Басқарма төрағасы Ректордың бұйрығымен бекіту;
- 2) Практика/ ғылыми тағылымдама басталардан бұрын практика және ғылыми тағылымдама базасында кәсіптік практикадан өту үшін білім алушы –практиканттардың санын жіберуге;
- 3) Практика/ ғылыми тағылымдама басталғанға дейін білім алушылардың тізімін жіберу;
- 4) Практика/ ғылыми тағылымдамадан өту барысында ағымдық бақылауды білім беру бағдарламасына және академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізу;
- 5) Білім алушылардың оқу жетістіктері туралы мәлімет беру қажеттілік туындаған кезде;
- 6) Практика/ ғылыми тағылымдамадан өту барысында білім алушының қатысуымен болған жазатайым оқиғалардың тергеуіне қатысу

3.4 Жіберуші ЖОО құқықтары:

- 1) Білім алушыдан қабылдаушы ЖОО-ның Ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес өз міндеттерін адал және тиісінше орындауын, сондай-ақ оқу тәртібін сақтауын, университеттің оқытушыларына, қызметкерлеріне және білім алушыларына сыпайы және құрметпен қарауын талап етуге;
- 2) Білім алушыға оқу тәртібін, қабылдаушы ЖОО-ның Ішкі тәртіп қағидаларын бұзғаны үшін тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану үшін тиісінше бір-біріне хабарлауға;
- 3) Білім алушыдан қабылдаушы ЖОО-ның мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа техникамен жұмыс істеу қағидаларын сақтауды талап етуге;

3.5 Тараптар құқығы

- 3.5.1 Зерттеу практика және ғылыми тағылымдама барысында еңбек тәртібін, этикалық нормаларды жағдайда магистранттарға тиісті тәртіппен шаралар қолдану үшін өздері оқитын жоғарғы оқу орындары басшыларына

хабарламалар жіберуге;

3.5.2 Университетті бітіргеннен кейін бос жұмыс орны болған жағдайда магистрлерді жоғары оқу орындары қызметке қалдыруға немесе шақыруға ұсыныстар беруге;

3.5.3 Зерттеу практикасы мен ғылыми тағылымдама бағдарламасының вариативті бөліміне сала қызметі, кәсіби стандарттар талаптарына сай өзгерістер ендіру туралы ұсыныстар беруге.

4. КЕЛІСІМ ШАРТ МЕРЗІМІ

4.1. Қосымша жағдайлар мен Келісім шартқа ендірілетін өзгерістер туралы екі жақ - Тараптар 10 күн алдын хабарлауға міндетті және бұл өзгерістер қосымша Келісім-шарттармен рәсімделеді. Келісім-шартқа қосылған өзгерістер Екі жақ қол қойған сәттен бастап негізгі Келісім- шарттың ресми бөлігі болып табылады.

4.2. Осы Келісім-шарт тараптардың қол қойған сәтінен бастап күшіне енеді.

Келісім шарттың қолдану мерзімі «02» 09 2024 ж. бастап «02» 09 2029 ж. дейін.

ЕКІ ЖАҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

4.3. . Осы Келісім-шарт аясында өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамалары шеңберінде сот органдары арқылы шешіледі.

4.4. Өз міндеттемелерін орындамағаны үшін Екі жақ жауапкершіліктен тек өз құзырымен шеше алмайтын жағдайда ғана босатылады.

5. ҚОСЫМША ШАРТТАР

5.1. Келісім шартта ескерілмеген барлық өзге жағдайлар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын негізге алады.

5.2. Осы Келісім-шартты орындау барысында пайда болған келіспеушіліктер Екі жақтың келісімімен шешіледі.

5.3. Келісім-шарт екі данада әзірленген, әрбір данасы бірдей заңды болып есептеледі.

Шымкент университеті

Қаратау ауданы

Тассай елді мекені

Жібек жолы көшесі №6

Индекс: 160031

Тел: 8 (7252)55-58-61

БИК KZKOKZKX

БСН 000540000592

ЖСК KZ82601729100000962

«Қазақстан Халық банкі» АҚ

Ректор, п.ғ.д. профессор



Сейткулов Н.А.

«Орталық Азия иновациялық университеті»

жауапкершілігі шектеулі серіктестік

160013, Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 80

АҚ «Қазақстан халық банкі»

ИИК – KZ626010291000392351

БИК – HSBKKZKX

БИН – 210240037049

КБЕ -17

Тел/факс: 7 (7252)37-11-86

Ректор



А.С.Ажидинов